



ШЕШІМ

30.05.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ **389/50-VI**

город Нур-Султан

Нұр-Сұлтан қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беруге үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қоса берілген қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беруге үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы бекітілсін.

2. «Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 9 қарашадағы №328/41-VI «Астана қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беруге үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы туралы» шешімі жойылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

А. Күрішбаев

Ж. Нұрпейісов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2019 жылғы 30 мамырдағы
№ 389/50-VI шешіміне
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар
беруге үміткер шағын кәсіпкерлік субъектілерінің
өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның
құрамы

- | | |
|--|---|
| Шекенов
Мирас Ерғалиұлы | – Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты,
төраға |
| Нұрпейісов
Нұрмағанбет Әбілқайырұлы | – «Нұр Қайнар» инновациялық кластер»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас
директоры, «Нұр-Сұлтан қаласы
кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің
өнертапқыш, инженерлік және ғылыми
кәсіпорындар гильдиясының мүшесі, төраға
орынбасары (келісім бойынша) |
| Тілепов
Әділет Маратұлы | – «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және
кәсіпкерлікті дамыту басқармасы»
мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлікті дамыту
бөлімі басшысының міндетін атқарушы,
хатшы |
| Башеев
Болат Әскерұлы | – ARTA IT-компаниясы директорлар
кеңесінің төрағасы (келісім бойынша) |
| Бірімжан Саян | – «QazTech Ventures» акционерлік
қоғамы венчурлық қаржыландыру
департаментінің директоры
(келісім бойынша) |
| Даулетов
Дағар Гусманұлы | – «Method Astana» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің директоры
(келісім бойынша) |

- Есентеміров
Айболат Әкімгерейұлы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі жастар бизнес-инкубаторының басшысы (келісім бойынша)
- Қалдыбаев
Нұрсұлтан Асқарұлы
- «Астана Innovations» акционерлік қоғамының Инновациялық экожүйелерді дамыту орталығының басшысы
- Күлшіманова
Қаламқас Мұсақызы
- «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің басшысы
- Мектепбаева
Дәмелі Қайыргелдіқызы
- «Назарбаев Университеті» автономды білім беру ұйымы инновацияларды дамыту департаментінің аға менеджері (келісім бойынша)
- Құдайбергенов
Азамат Сағымжанұлы
- Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасы қаржылық емес қолдау департаментінің басшысы (келісім бойынша)
- Нұрғожин
Әділет Ерғалиұлы
- «Astana Hub» IT-стартап Халықаралық технопаркінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
- Нұрғожин Диас
- «Smart-кошелек Senim» қосымшасын әзірлеу бойынша стартап компаниясының даму жөніндегі директоры
- Шошаева
Айнұр Санабекқызы
- «Elorda Aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің веб-редакторы
-